



«Қарағанды облысының
мемлекеттік активтер және
сатып алу басқармасы» ММ

2016 ж. «1» 11. 2016 ж.

№ 570 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қарағанды облысы білім басқармасының
«Қарағанды облыстық № 2 психологиялық-
медициналық-педагогикалық консультациясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

2016 ж. Қарағанды қ.

1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облыстық № 2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді туылған сәтінен 18 жасқа дейін психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру, тәрбиелеу және оқыту, оларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдауға құқықтарын анықтау функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдастыру-құқықтық мекеме түрінде құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме 2016 жылғы 25 қазандағы № 76 /02 «Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды облыстық № 2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Қарағанды облысының білім басқармасы» болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облыстық № 2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, 101403, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Ушинского көшесі, 9

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркелген сәттен бастап, құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банкте шоттары, банкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақшаның жеткіліксіздігі жағдайында оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікті тиісті бюджет қаражатымен Қарағанды облысының әкімдігі жауап береді.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

- туған сәтінен бастап 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеру,
- психикалық кемістіктерін байқау және психикалық, физикалық дамуында кемістігі бар балаларды оқыту,
- тәрбиелеу мен емдеу мәселелерін шешу бойынша халыққа көмек көрсету болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

- туған сәтінен бастап 18 жасқа дейінгі балалардың психикалық денсаулығын тексеру, психикалық және физикалық кемістіктерінің диагностикасы;

15. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- балалар мен жасөспірімдердің даму ерекшеліктерін анықтау үшін, диагноз қойып оқыту, тәрбиелеу, жұмысқа орналастыру, қолайлы жағдай жасау мақсатында психологиялық- медициналық- педагогикалық тексеруін өткізу;
- баланың қалпы өзгергенде, оны бір мекемеден басқа мекемеге ауыстырғанда қажетті жағдайда алдында қойылған диагнозын анықтау, растау және өзгерту;
- балалар мен жасөспірімдерді толық тексеру үшін, олардың қалпы мен дамуына динамикалық бақылау жүргізу үшін қажетті жағдайда ғылыми зерттеу орталықтарына емдеу профилактикалық мекемелерге жіберу;
- балаларға ықтимал психологиялық- медициналық- педагогикалық көмек жасауға, олардың халықтық білім беру, әлеуметтік қорғау жүйесінде, сапалы арнайы оқу мекемелерінде арнайы тәрбиелеу және оқытуды ұйымдастыруға ұсыныстар дайындау;
- ата- аналарға (олардың орнында жүргендерге) педагогтарға, дәрігерлерге дамуында жеңіл кемістіктері бар, тәртібі бұзылған, сондай-ақ арнайы түзету педагогикалық мекемелерге жатпайтын балаларды емдеу, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша кеңестік көмек беру;
- түрлі санатты арнайы көмекті қажет ететін кеміс балаларды уақытында анықтау бойынша білім беру, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізу;
- дамуында кемістігі бар балалардың психикалық, физикалық қалпындағы ерекшеліктері туралы, оларға қажет көмек беруінің керектігі туралы халық арасында, білім беру, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлерінің арасында түсінік беру жұмысын жүргізу;

- тәрбиелеу және оқыту үстінде балалар мен жасөспірімдердің даму динамикасын бақылауын ұйымдастыруда арнайы түзету мекемелерінің педагогтарына әдістемелік жетекшілік пен көмек көрсету;

- тексерістен өткен балаларды есепке алу және мүмкіндіктері шектелген балаларға арнайы түзету білім беру мекемелердің жүйесін дамыту үшін білім беру ұйымдарына ұсыныс беру;

- өз жұмысында «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» ҚР Білім және ғылым министрлігінің және денсаулық сақтау министрлігінің нормативті әдістемелік және одан басқа құжаттарымен басқарылады;

Мемлекеттік мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсатына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарына немесе құрылтай құжаттарына не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле мемлекеттік мекеме «Қарағанды облысының білім басқармасы», Қарағанды облысының әкімдігі немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

18. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Қарағанды облысының білім басқармасымен» жүзеге асырады.

19. Қарағанды облысының әкімдігі:

1) мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату жөнінде шешім қабылдайды.

20. «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді

3) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

21. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген қызметтерді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін анықтайды;

5) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

8) «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

9) «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген ерекше жағдайлардан басқа уақытта «Қарағанды облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, мемлекеттік мекеме «Қарағанды облыстық білім басқармасына» тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға

және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) мемлекеттік мекеме «Қарағанды облыстық білім басқармасының» сәйкес саласының уәкілетті ұйымы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

10) өз орынбасарының және мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің өкілеттілік шектері мен міндеттерін анықтайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және мемлекеттік мекеме «Қарағанды облыстық білім басқармасының» жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

26. Мемлекеттік мекеме мүлкін бағасы оның балансында айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

27. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру, сорт сынағы, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

29. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысының әкімдігі бюджетінен қаржыландырады.

30. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

31. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен

тиісті саланың уәкілетті орган Қарағанды облысы білім басқармасымен жүзеге асырады.

6. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

32. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық келісім шартқа сәйкес анықталады.

33. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қарама-қайшы болмау керек.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

34. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

35. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

36. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

37. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Қарағанды облысы білім басқармасының
«Қарағанды облыстық № 2 психологиялық-
медициналық-педагогикалық консультациясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
басшысы


(Қолы)

Жұдырбеков Батыс *Батыс* *Батыс*